Қазалы ауданы Қазалы қаласы көшелеріндегі бейнебақылау камерасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарына түсіндірме жазба

Жобаны іске асыру орны экологиялық аймаққа жататын Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қазалы қаласы болып танылады.

Жобадағы жұмыстар Қазалы қаласында орналасқан бейнекамераларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

Қазалы қаласы көшелеріндегі бейнебақылау камералары қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, төтенше жағдайларды дер кезінде анықтауға және азаматтардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық объектілер болып табылады. Аталған жүйелердің уақытылы техникалық қызмет көрсетілмеуі немесе ақаулардың жедел түрде жойылмауы олардың жұмыс қабілетінің төмендеуіне, деректердің жоғалуына және қоғамдық қауіпсіздік деңгейінің әлсіреуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

Бейнебақылау камераларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындау үшін арнайы білімі бар, бейнебақылау және телекоммуникациялық жүйелер саласында тәжірибесі қалыптасқан, сертификатталған мамандары, қажетті материалдық-техникалық базасы, серверлік және желілік жабдықтары бар мердігерлер қажет. Қазалы қаласында аталған қызмет түрін көрсететін бірнеше жергілікті кәсіпкерлер бар.

Жергілікті кәсіпкермен келісімшарт жасасу авариялық және жоспардан тыс жағдайларда жедел әрекет етуге, бейнебақылау камераларындағы ақауларды қысқа мерзімде жоюға, көлік және іссапар шығындарын азайтуға, сондай-ақ жергілікті шағын және орта бизнесті қолдауға мүмкіндік береді.

Алайда, қолданыстағы бейнебақылау жүйелерінің техникалық және бағдарламалық ерекшеліктерін толық меңгерген, объектілерге тұрақты түрде қызмет көрсетіп келе жатқан, сондай-ақ авариялық жағдайларда қысқа мерзімде әрекет ету мүмкіндігі бар нақты мердігер таңдалды.

Өзге өңірдегі орындаушыларды тарту объектілерді қайта қабылдап алу, жүйелерді қайта баптау қосымша уақыт пен қаржылық шығындарға әкеп соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты бейнебақылау камераларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және ықтимал тәуекелдердің алдын алу мақсатында бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілін қолдану негізді деп есептеледі.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес - аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға құқылы делінген.

Нақты мердігерді таңдау себептері: Орындаушы - Қазалы қаласында орналасқан, бұл көшелердегі бейнебақылау камераларына техникалық қызмет көрсету және авариялық жөндеу жұмыстарын жедел әрі уақытылы орындауға мүмкіндік береді, бейнебақылау жүйелеріне қызмет көрсету үшін қажетті арнайы құрал-жабдықтар, өлшеу аспаптары, қосалқы бөлшектер, серверлік және желілік жабдықтар бар, Электр желісіндегі ақаулар, байланыс үзілуі, табиғи әсерлер немесе бөгде ықпал салдарынан туындайтын жағдайларда шұғыл түрде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі бар және жергілікті кәсіпкермен келісімшарт

жасасу шағын және орта бизнесті қолдауға, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді.

Осы ретте, мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарына сәйкес, Қазалы қаласындағы бағдаршамдар обьектілерін техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын «БИСЕНБАЙ ҚАЙРАТ» жеке кәсіпкеріне тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу ұсынылғалы отыр.

Себебі – Қазалы қаласы көлемінде бейнебақылау обьектілерін техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізетін 3 (үш) әлеуетті өнім берушілерге коммерциялық ұсыныс жолданып, нәтижесінде орындаушы төмен баға ұсынған әлеуетті өнім беруші болып танылды.

Орындаушы - шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына ие.

Қазалы ауданы аумағында бағдаршамдар обьектілерін техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарына тәжірибесі бар.

Орындаушы жұмыстарды уақтылы орындауға, техникалық ақауларды жедел жоюға және тұрғындар үшін қауіпсіз жағдайды қамтамасыз етуге толық мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының (*Бұдан әрі – Бұйрық*) 508-бөлігінің талаптарына сәйкес бәсекелестік сақтала отырып, елді мекен аумағындағы 3 *(үш)* әлеуетті өнім берушіге ұсыным беріп, неғұрлым төмен баға ұсынған өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады.

Бұйрықтың 506-бөлігі - мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

Қазалы қаласының әкімі **Қ.Орынбасаров**